Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Төраға.

Елжан Амантайұлы! Кодекстің жобасында профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу, азаматтардың жекелеген санаттарына стоматологиялық көмек көрсету, медициналық оңалту, қалпына келтіру емі және басқа да қызметтер Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша жүзеге асырылады деп көрсетілген. Бірақ бұл жерде адамдар тобы нақтыланбаған. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында алатын профилактикалық қарап-тексерудің қандай түрлеріне құқығы бар? Стоматологиялық көмектің қандай түрлерін алуға құқығы бар?

Екінші сұрақ. Оңалту қызметтерін көрсетуді қажет ететін азаматтар қайда жүгінуі керек? Себебі бұл бойынша кезектің көп екенін білесіз. Рақмет.

БІРТАНОВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру негізінде профилактикалық карап-тексеру, стоматологиялық қызметтер және оналту қызметтері осы жылдың басынан бастап пайда болды. Түрлі профилактикалық скринингтер қазір заңда бекітілген. Ол сақтандырылған азаматтарға тегін берілетін болады. Ол, біріншіден, 18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын жергілікті емханаларда және мектептерде тегін өткізілетін қызмет, екіншіден, 30 жастан 70 жасқа дейінгі азаматтарға артериялық гипертензия, қан диабеті және жүрек ауруы, сондай-ақ глаукома және онкологиялық ауру түрлері бойынша тегін көрсетілетін қызмет.

Стоматологиялық қызметтер балаларға және жүкті әйелдерге тегін көрсетілу жоспарланған. Және шұғыл медициналық стоматологиялық қызмет те қарастырылған. Әлеуметтік он топқа қосымша жоспарланған стоматологиялық қызмет тегін көрсетіледі. Бірақ ортодонтиялық тіс ауыстыратын көмек тек екі санатқа – ерекше стоматологиялық ауруы бар балаларға және көп балалы отбасының балаларына тегін көрсетіледі.

Оналту қызметі бүкіл азаматтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының негізінде жүргізіледі. Оны алу үшін жергілікті учаскелік емханаға барсаңыз, арнайы стандарт бойынша жолдама жазып береді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня вопрос к представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Для профилактики заболеваемости и внедрения принципа солидарной ответственности работника, работодателя, государства за состояние здоровья работающего населения статьей 91 кодекса предусмотрена обязательность скрининговых исследований для работников. И для этого даже предлагается пятидневный социальный отпуск для работника, который он может взять в течение года. Параллельно предлагалось, чтобы работодатель имел право отстранить от работы тех, кто не прошел скрининговые исследования.

Нам такой подход представляется неправомерным, так как он нарушает права граждан на свободу труда, и поэтому депутаты предложили исключить эту норму.

В связи с этим у меня вопрос.

Скажите, пожалуйста, какие иные меры необходимо предусмотреть для того, чтобы все-таки сохранить заинтересованность работодателя в прохождении его работниками скрининговых исследований.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, вице-министр Сарбасов.

САРБАСОВ А.Ә. Спасибо.

Уважаемая Ирина Сергеевна, спасибо за вопрос. В этот процесс, безусловно, вовлечены три стороны.

Во-первых, сам работник обязан сохранять и беречь свое здоровье, поэтому если у него будет инициатива, то никаких проблем с учетом поправок



в данный кодекс и Трудовой кодекс касательно обязанности работодателя не будет, он создаст условия.

Что касается дополнительного механизма, то в рамках коллективных договорных отношений можно на базе коллективного договора прописать двусторонний механизм, в рамках которого можно определить ответственное лицо, списки и категории работников, которые подлежат скринингу и, безусловно, всю информацию выстроить во взаимодействии с медицинской организацией. Такую работу можно организовать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Акмади Адилович.

Сөз депутат Клименко Иван Ивановичқа беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Министерства образования и науки.

Согласно статье 115 проекта кодекса в целях профилактики и ограничения потребления табачных изделий, в том числе новых видов некурительных табачных изделий, предусмотрен запрет на их продажу. Сегодня на рынке появились некурительные никотиносодержащие товары, так называемые снюсы, которые, к сожалению, в связи с привлекательностью упаковки сыскали большую популярность в первую очередь у подростков. Как мы знаем, если чрезмерно употреблять снюсы, они достаточно легко вызывают токсический эффект и наносят серьезный вред здоровью детей, вплоть до риска летального исхода.

В этой связи депутатами была внесена поправка, запрещающая продажу, ввоз, производство, распространение некурительных табачных изделий на территории Республики Казахстан.

Уважаемый Елжан Амантаевич, скажите, пожалуйста, какова позиция Министерства здравоохранения по этому поводу.

Также хотел бы узнать позицию Министерства образования и науки по этому вопросу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Елжан Амантаевич.

БІРТАНОВ Е.А. Спасибо, Иван Иванович.

Действительно, мы констатируем, что в последнее время участились случаи, когда табачные изделия, которые произведены для взрослых, попадают в руки детям. Возникают достаточно серьезные побочные эффекты. В этой связи, конечно, мы поддерживаем любые ужесточения мер в отношении оборота, распространения таких продуктов, как всевозможно курительные, некурительные, жевательные продукты появляются каждый раз, поэтому в этой части Министерство здравоохранения полностью поддерживает такую инициативу.

ТӨРАҒА. Спасибо. Пожалуйста, Бибигуль Амангельдиновна.

АСЫЛОВА Б.А. Министерство образования и науки также поддерживает позицию в целом Министерства здравоохранения, депутатского корпуса в части усиления ответственности по тем лицам, которые реализуют такую продукцию. Это не только связано с табачными изделиями. Это в целом

любые другие правонарушения, которые происходят в отношении детей, они должны наказываться с более таким усиленным уклоном.

ТӨРАҒА. Спасибо. Коллеги, я тоже хочу сказать, во-первых, всемерно поддерживаю это предложение депутатов. Действительно, сегодня потребление этих некурительных табачных изделий, особенно так называемых снюсов, о чем говорил сейчас депутат Клименко, в последнее время стало очень широко распространяться у нас в стране.

По данным экспертов, основными потребителями этих снюсов являются несовершеннолетние. Это, я думаю, Бибигуль Амангельдиновна, Министерству образования и науки, педагогической общественности известно.

По информации из открытых источников, только один такой пакетик небольшой, как сейчас Министр здравоохранения говорит (еще и яркие обертки, привлекательные добавки), содержит минимум 40 миллиграммов никотина, что соизмерено двум пачкам сигарет. Если несовершеннолетний или школьник потребляет за раз, мы можем понять, какой непоправимый вред наносится здоровью детей. И вообще эксперты относят снюсы к легким наркотикам, вызывающим при потреблении нейротоксические последствия, поэтому некоторые статьи на некоторых сайтах некоторых компаний, которые рассказывают, что это так.

Более того, рассказывают, что это заменитель сигарет. Может быть, для взрослого человека, который долгие годы курил, это и будет какой-то заменитель, но говорить, что это чуть ли бесполезно, мы понимаем, что это от лукавого и что стоит за этим. Поэтому здесь очень большой вопрос. Так что снюс становится очень серьезной угрозой для казахстанских несовершеннолетних, соответственно, для казахстанских семей.

Теперь, если говорить об опыте. Я вам приведу справку о мировом опыте. Что касается Европейского союза, то кроме Швеции, продажа снюса запрещена с 1992 года. Весь Европейский союз. Если в историю уйти, то там Швеция является родиной.

В России, где уже известны случаи смертельных исходов среди подростков из-за употребления снюса, с 2015 года введен полный запрет. Елжан Амантаевич, известно Вам это?

БІРТАНОВ Е.А. Да. Когда мы обсуждали этот вопрос, узнали об этом.

ТӨРАҒА. Поэтому у меня вообще большой вопрос к Министерству здравоохранения, которое, работая над проектом этого закона, зная всю эту практику, не внесло сюда эту норму. Максимум что вы сделали – это приказом даже не министра, а главного санитарного врача в декабре прошлого года его постановлением или приказом сделали о временном запрете снюса. В соответствии с юридической нормой в конце года он перестал существовать. Для чего сделали? Для отчета, что ли?

Теперь известно и не секрет, что разными путями в разные формы эти снюсы продолжают поступать в страну, где казахстанские школьники продолжают их потреблять. Тут, конечно, понятно, что одним постановлением

санитарного врача уже не обойтись, здесь надо принимать кардинальные меры и прежде всего на законодательном уровне. Поэтому предлагается депутатами законодательно ввести постоянный, хочу подчеркнуть, постоянный и полный запрет на ввоз, производство, продажу и распространение некурительных никотиносодержащих изделий.

Хватит! Соседи запретили все, Европа запретила, а нам что, сюда все сливать будут? Если мы теперь законодательно вводим запрет, соответственно, надо предусмотреть и ответственность за нарушение этого запрета, и ответственность эта должна быть ощутимая, а не 5-10 МРП, что не даст никакого эффекта. До второго чтения надо с соответствующими правоохранительными, юридическими государственными органами отработать эти нормы.

Более того, борьбу со снюсом надо проводить по аналогии с борьбой с другим видом – спайсами и другими синтетическими наркотиками. То есть ее надо проводить жестко, масштабно и повсеместно. На законодательном уровне дать представителям правоохранительных органов эту возможность, чтобы они, имея законодательно такую базу, могли пресекать и наказывать тех, кто этим будет заниматься.

Вице-министр внутренних дел Калайчиди, как Вы считаете, это актуально?

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Актуально. Абсолютно поддерживаем Ваше предложение, потому что это одна из форм профилактики в целом правонарушений и безопасности несовершеннолетних.

ТӨРАҒА. Оставили один на один с этой проблемой педагогическую общественность, чтобы в школах бегали и смотрели за углом, кто продает и кто приносит. Давайте на корню все это сделаем.

Вообще ответственность за распространение снюсов должна быть такой же, как за прекурсоры наркотических средств и психотропных веществ. Вот на такой уровень давайте поднимем и закроем эту тему в стране. Давайте не обманывать себя, здесь полумерами не обойтись.

Мы недавно проводили нормы по поручению Главы государства об усилении борьбы с наркотиками. Вы помните, Марат Муратович. Тогда Министерство внутренних дел нам приводило очень большую карту, как это все происходит. Кстати, вместе с Министерством здравоохранения. Все начинается с этих вещей. Вот эти все снюсы, все эти вещи, потом сигареты и побежало-поехало. А мы боремся с последним звеном этой цепочки. Давайте начинать там.

Конечно, до второго чтения нужно провести консультации с педагогической общественностью (они знают ситуацию в школах), Министерством внутренних дел (они владеют оперативной информацией по снюсам и другим вещам). Давайте мы до второго чтения эту норму приведем в то соответствие, в котором она должна быть в стране. Хорошо? Договорились.

Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Елжан Амантайұлы! Осы кодекстің 115-бабына сәйкес темекі бұйымдарын шығарып және ашық көрсетіп сатуға, оның ішінде осы бұйымдарды тұтынуға арналған жүйелерді және осы бұйымдарға арналған сұйықтарды сатуға тұтастай тыйым салынып отыр. Сонымен қатар 18 жасқа толмаған адамдарға темекі бұйымдарын сатуға да тыйым салынады. Бұл жаңалық, әрине, біріншіден, ретсіз сатып алудың азаюына өзінің әсерін тигізетін болса, екіншіден, бұл норманың бір артықшылығы, балаларды зиянды әдетке бой алдырмауға мүмкіндік береді. Осы бапқа сәйкес 21 жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімдерін сатуға да тыйым салынады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Айтыңызшы, темекі мен алкогольді өткізу үшін неге әртүрлі жас шектеулері қолданылып отыр? Мүмкін, 21 жасқа толмаған адамдарға темекіні де сатуға шектеу қою керек шығар. Осыған жауап берсеңіз.

БІРТАНОВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, әрине, біз осындай ұсынысты қолдаймыз, себебі темекі адам денсаулығына кері әсер етеді. Сондықтан темекі шегуді шектеуге байланысты осындай ұсынысты біз қолдаймыз. Егер осындай ұсыныс болса, біз оны, әрине, әрі қарай қарастыруға дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Елжан Амантаевич! У меня еще один вопрос, связанный с трансплантологией.

Скажите, пожалуйста, если не удастся установить личность пациента, который находится в коме, но его органы имеют тканевую совместимость с органами человека, нуждающегося в их замене, будет ли проведено изъятие органов для пересадки при таком стечении обстоятельств? Спасибо.

БІРТАНОВ Е.А. Спасибо за вопрос.

Разрешите еще раз четко все-таки пояснить. Прежде чем забор органов осуществляется есть четкие две стадии. Первая стадия – это консилиум врачей, в том числе сам лечащий врач, они должны принять решение о смерти мозга и только после этого рассматривается возможность использования органов данного человека как донорских.

В данной ситуации, когда, условно такое решение принимается, врач не знает, этот человек может быть донором или нет, поскольку он не знает, он соглашался или нет. Тем более он не знает, подойдут ли его органы кому-то конкретно, поскольку все эти исследования проводятся только после того, как соответствующее решение будет принято.

Действующий порядок четко гласит, что если у человека в состоянии болезни не было возможности, его состояние не позволяло идентифицировать, то есть он находился без сознания и, в принципе, он не идентифицирован, то данный человек не может быть использован в качестве донора органов.

ТӨРАҒА. Понятно. Еще раз возвращаюсь, раз депутат Платанов вернулся к этой теме. Мы говорили, Елжан Амантаевич, все, что касается находящегося в коме, да, действительно, консилиум там определяется, во-первых, должна быть констатация смерти головного мозга. Так же?

БІРТАНОВ Е.А. Да.

ТӨРАҒА. Вы сейчас упустили важное звено, надо будет определиться, даже если он в коме, есть при нем документы или нет, через ту систему, в которой мы должны сделать единый портал, там увидеть, а там-то есть его родственники, фамилия, и тогда уже можно будет шаги эти предпринять.

Я не знаю, надо сейчас, наверное, определиться или законодательно, или Вы своим подзаконным актом должны будете это все прописать. У граждан должно быть это.

БІРТАНОВ Е.А. Кроме того, Нурлан Зайруллаевич, в большинстве случаев это, как правило, насильственная смерть, диагноз неизвестен (из своей практики я знаю). Если неизвестный человек погибает, как правило, человека с улицы привезли и в 100 процентах случаях назначают судебно-медицинскую экспертизу, то есть там в принципе донорство невозможно.

ТӨРАҒА. Это отдельная тема. Мы ее в норму законопроекта посадили, когда правоохранительные органы, если насильственная смерть. Это не вопрос. Не обсуждается. Там должна проводиться экспертиза.

Еще раз возвращаюсь. Один из аргументов, который был со стороны врачебной общественности, это нужно тоже подчеркнуть, было опасение, что само направление в медицине как трансплантология может свернуться, но я повторюсь, если четко мы выстроим с вами законодательно и люди будут этим пользоваться, заранее принимать решение, кто-то определиться и сделает письменное уведомление, зарегистрирует его о том, что он после смерти готов выступить донором, то это дает возможность развиваться этой отрасли как трансплантология. Так же?

БІРТАНОВ Е.А. Абсолютно правильно.

ТӨРАҒА. Мы говорили с ведущими врачами, которые работают в этой области. Приезжал. Вы привозили сюда, мы встречались с руководством Европейского отделения Всемирной организации здравоохранения, они то же говорят. Это во всей Западной Европе такое, в Германии, Соединенных Штатах Америки тоже так, но там же не свернулась трансплантология? Нет. Потому что когда до населения доведут, каждый примет свое решение.

Когда мы работали в рабочей группе, мне говорили, даже один из министров принял такое решение и публично сказал об этом. Так, да?

БІРТАНОВ Е.А. Да.

ТӨРАҒА. Вот видите. Если министр принял, думаете другие не поймут, что ли? Надо просто четко выстроить работу, довести до населения.

Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Жалпы, заң жобасын қолдаймын. Бұл заң жобасына өзі көп күш салынды, біраз шаруалар жасалып, қоғамға қажет мәселелер қарастырылды.

Бірақ 89-баптың төңірегінде қоғам дүрлігуде екенін жасырмаймын. Мен сайлаушыларымның аманатын жеткізе отырып, осы 89-бапқа қарсы шығатынымды жеткізгім келеді.

Жұмсақ күш, иландыра түсіндіру тәсілімен көндірудің орнына бас-көз жоқ «міндетті» деп заңға қондырып, тізеге салудың қандай реті бар, Елжан Амантайұлы? Үкімет күшіне сенбей ме, әлде еріне ме? Жалпы, бұл өркениетті елге тән қадам ба?

Жалпы, мен вакцинаға қарсы емеспін, мен балаларыма екпе салдырамын, өзім де кезінде вакцина алғанмын. Бірақ көзі ашық, есі дұрыс адамға түсіндірсе, бұл түсінетін нәрсе ғой, неге оны біз заңмен міндеттейміз?

Осыған байланысты Бас прокуратура өкіліне сұрағым бар. Бұдан бас тартқан адам заң бұзушы болып шыға келе ме? Бұл Конституцияның 29-бабына қайшы келмей ме? Әр адам өзінің денсаулығын қорғауға құқығы бар. Бірақ оны соған міндеттей алмаймыз дегенге қайшы емес пе? Осыны маған түсіндіріңіздерші. Егер маған түсіндіре алмасаңыздар, осы мәселені қоғамға түсіндіру өте қиынға соғады. Неге біз міндеттеуіміз керек? Әркім өзінің құқығын өзі пайдалануы тиіс, ал тізеге салу, меніңше, бұл жерде қиянат сияқты.

ТӨРАҒА. Елжан Амантайұлы, Сізден бастайық. Содан кейін Бас прокуратура өкілі жауап береді.

БІРТАНОВ Е.А. Сұрағыңызға рақмет. Өте маңызды сұрақ.

Қысқаша айтсақ, вакцинацияны міндетті түрде енгізудің себебі басқа азаматтардың денсаулығын инфекциялық аурулардан сақтау болып табылады. Себебі қазіргі күні ата-аналардың екпеден бас тартуының негізінде, жалпы, елімізде бұрыннан ұмытылған инфекциялық аурулар қайта шығуда. Бірақ одан тек сол балалар ғана емес, басқа да көп аурулары бар балалар ауырып, қайтыс болып жатыр. Сондықтан көп елдерде дені сау азаматтардың денсаулығын сақтау үшін кейбір вакциналар міндетті түрде салынады. Оны жүргізу Үкіметтің міндеті болып табылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас прокуратура. Марат Мұратұлы, Сізге сөз.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Бекболат Қанайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Өздеріңіз білесіздер, біздің Конституциямыз екі бөлімнен тұрады, яғни Жалпы бөлім мен Арнайы бөлім.

Конституция бойынша біздің ең басты құндылығымыз – адам, оның өмірі және денсаулығы.

Конституцияның Жалпы бөлімі Арнайы бөлімінен бір саты жоғары тұрады. Егер адамның өміріне, денсаулығына қауіп төнетін болса, біздің Конституция заңмен шектеу жасауға толық мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан ол Конституцияға қайшы емес.

Конституцияның 39-бабында көрсетілгендей, егер адамның өміріне, денсаулығына қауіп төнетін болса, онда басқа заңдармен оның білім алуына, еңбек етуіне құқығын шектеуге мүмкіндік бар, өйткені адамның өмірі ең басты құндылық болып есептеледі. Сондықтан біздің сараптамамыз бойынша бұл нормалар Конституцияға қайшы келмейді.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Елжан Амантайұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекс жобасы Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. Ол Мәжіліске 2019 жылғы 30 қыркүйекте енгізіліп, таныстырылымы 17 қазанда өтті.

Кодекс жобасының нормалары халық арасында, жаңа айтылғандай, кеңінен талқыланып, кейбірі қоғамдық резонанс туғызды. Бұл трансплантология, патологанатомиялық, биомедициналық және скринингтік зерттеулер, вакцинация, дербес медициналық деректерді қорғау, балалардың денсаулығын сақтау құқықтары мәселелеріне, сондай-ақ психикалық және мінез-құлықтық ауытқу бойынша диагноз қою кезіндегі бастапқы буын дәрігерінің ролін анықтауға қатысты болды.

Депутаттардың сайлаушылармен болған көшпелі кездесуі барысында да кодекс жобасы үлкен қызығушылық тудырды, түрлі алаңдарда жобаны тұрғындармен, сарапшылармен және жұртшылықпен бірлесе талқылау жүргізілді.

Әлеуметтік маңызды мәселелерді жан-жақты қарау және олар бойынша оңтайлы шешімдер әзірлеу мақсатында жобаны талқылау жоғары деңгейде жүргізілді.

Мәжіліс Төрағасы, «Nur Otan» партиясы фракциясының жетекшісі Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулин бірнеше рет мемлекеттік органдардың өкілдерімен, медициналық қоғамдастық пен азаматтық қоғам өкілдерімен де кездесті. Кодекс жобасы «Nur Otan» партиясы фракциясының жиналысында да кеңінен және сындарлы түрде талқыланып, оңтайлы шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, депутаттар ұсынған негізгі нормаларға тоқталып өткім келеді.

Трансплантология мәселелері бойынша. Өзінің донор болуға келіспейтіндігі туралы тірі кезінде ерік білдіруі болмаған жағдайда, дәрігерлік консилиум бас миының сему диагнозын анықтағаннан кейін донордан ағзалар мен тіндерді алу мүмкіншілігі қолданыстағы заңда қарастырылған. Ал қазіргі жобада бұндай өтініш болмаса, онда оның ағзаларын алу жұбайының (зайыбының) жазбаша келісімімен, ал олар болмаған жағдайда, жақын туыстарының келісімімен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар шетел азаматтарының мұқтажы үшін Қазақстаннан ағзалар мен тіндерді шығару мүмкіндігі шектелді. Біз ағзаларды тек шет елде ем алып жатқан қазақстандық азаматтар үшін ғана шығаруды ұсындық.

Патологанатомиялық зерттеу және дәрігерлер консилиумы бас мидың семуін растаған кезде адамды жасанды тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінен

ажыратуға қатысты мәселе марқұмның жұбайының немесе жақын туыстарының жазбаша түрдегі келісімімен шешіледі.

Бұдан басқа, жеке басы анықталған, медициналық мекемеде қайтыс болған адамдар, бұрынғы 10 күннің орнына 20 күн ішінде, егер жерлеу үшін сұрау болмаған жағдайда ғана анатомиялық сый ретінде танылуы мүмкін деп белгіленді. Бұл ретте кім екендігі танылмаған мәйіттер анатомиялық сый ретінде берілмейді.

Инфекциялық ауруларға қатысты вакцинация жүргізудің міндеттілігі бойынша норма қолдау тапты. Бұл ретте екпелер міндетті және ерікті болып айқындалды.

Сонымен қатар вакцинаның сапасына қатаң бақылау жүргізу нормалары енгізілді. Кез келген уақытта тексеруге мүмкіндік беріліп, тексерудің арнайы тізіміне енгізілді.

Өндірушіден бастап медицина қызметкеріне дейінгі барлық кезеңдерде жауапкершілік айтарлықтай күшейтілді.

Сондай-ақ екпе салынбаған балаларды балабақшаға қабылдауға шектеу қою жөніндегі норма қолдау тапты. Яғни екпе салынбаған балаларды балабақшадағы ұжымдық иммунитеттің жоғары деңгейі сақталған жағдайда ғана қабылдауға рұқсат беріледі.

Жобада 16 жасқа толған, кәмелетке толмағандарға қатысты түзетулер көзделді. Оларға ата-анасының келісімінсіз тек профилактикалық және консультативті-диагностикалық медициналық көмек алуға және өзінің репродуктивті денсаулығын сақтау жөніндегі ақпарат алу құқығы беріледі.

Кодекс жобасынан жұмыс берушінің скринингтік медициналық зерттеулерден өтпегені үшін жұмыскерді жұмыстан шеттету жөніндегі міндеті қолдау таппады.

Бұдан басқа, депутаттар түрлі аурулардың алдын алу және жасөспірімдердің пайдалануына жол бермеу мақсатында нарықта таяуда пайда болған темекіні қыздыру мен тұтынуға арналған жүйелердің және оларға арналған сұйықтықтарды пайдалануға шектеу қою жөнінде түзетулер енгізді.

Медициналық білім беру мен ғылымға, оның ішінде ұлттық орталықтардың рөлі күшейтіліп, аккредитация, аттестация, денсаулық сақтау саласындағы мамандар мен менеджерлерді сертификаттауға байланысты бірқатар нормалар өзгертілді.

Кодекс жобасының мазмұнын жақсартатын жекелеген нормалар нақтыланды.

Жұмыс тобы мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, медициналық және ғылыми қоғамдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен 900-ден астам түзетулер қарады. Кодекс жобасы бойынша жұмыс одан әрі жалғасуда.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытындыларын берді. Жұмыс тобының 28 отырысы, дөңгелек үстел,



конференция, бірқатар сараптамалық кеңестер, кездесулер және комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, кодекс жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Зәуреш Жұманәліқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! В Послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» Елбасы – Первый Президент нашей страны Нурсултан Абишевич Назарбаев определил здоровье как ключевой фактор развития государства и обозначил основной принцип развития системы здравоохранения, выраженный в солидарной ответственности государства, работодателей и населения за здоровье.

Здоровье является основным и неотъемлемым правом, я бы сказала, обязанностью человека, а государство несет ответственность за разработку стратегий, необходимых для осуществления этого.

Программа обеспечения общедоступности медицинского обслуживания не сможет достичь своих целей, если ей не будет сопутствовать совершенствование законодательства.

В предлагаемом проекте кодекса введены нормы по обеспечению соответствующих условий для охраны общественного здоровья, основополагающим принципом которого является взаимосвязь здоровья отдельных людей и благополучия общества в целом. Эти меры направлены на:

формирование приверженности здоровому образу жизни;

динамическое наблюдение за основными неинфекционными заболеваниями;

повышение уровня информированности населения о факторах риска;

эпидемиологический надзор за инфекционными и неинфекционными заболеваниями.

Для этого в проекте кодекса впервые вводится понятие «служба охраны общественного здоровья» – система государственных мер, направленных на взаимодействие между государством, населением и общественными организациями для пропаганды и поддержания здорового образа жизни, здорового питания, профилактики заболеваний. В эти меры, помимо других, включены обязательное проведение скрининга, получение профилактических прививок, регулирование влияния факторов окружающей среды на здоровье населения, предусмотрены меры, направленные на снижение потребления алкогольных и табачных изделий.

Начатая цифровизация здравоохранения, кроме высвобождения времени врача, должна дать эффект в государственном масштабе – формирование больших баз данных о здоровье общества, возможность развивать прогностическое здравоохранение, основанное на цифровой, а не на бумажной

статистике, точно и адресно планировать финансовые средства и осуществлять контроль достигнутых результатов. Нормы по цифровизации подробно отражены в проекте кодекса.

На расширенном собрании фракции партии «Nur Otan», которое состоялось 21 марта текущего года с участием широкого круга экспертов, представителей медицинского сообщества, общественных и неправительственных организаций, заинтересованных государственных органов, было учтено их мнения касательно сбора, обработки и хранения персональных данных. Теперь их владельцами будут являться сами пациенты и любая операция будет производиться только с их согласия.

Наряду с этими вопросами, санитарно-эпидемиологическое благополучие населения имеет особую роль. В настоящее время увеличилось количество отравлений, регулярно выявляется продукция, не соответствующая требованиям безопасности, заявленным свойствам и маркировке. Высоким остается удельный вес не соответствующей санитарным нормам проб воды, атмосферного воздуха. Поэтому необходимо обеспечить их мониторинг, контроль качества и безопасности как со стороны государства, так и со стороны общественности. Помимо государственного контроля и надзора, важная роль отведена санитарно-эпидемиологическому аудиту. В предлагаемом проекте кодекса предусмотрены меры по повышению ответственности аудитора и качества проводимого аудита.

В заключение хочу подчеркнуть, что к законодательным нормам, касающимся защиты здоровья и жизни человека, необходимо подходить через призму национальной безопасности. В предлагаемом проекте кодекса все эти меры в основном отражены.

На основании изложенного предлагаю поддержать данный законопроект в первом чтении. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Құралай Әнуарқызы.

Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар, Мәжіліс отырысына қатысып отырған лауазымды қызметкерлер! Кодекс жобасы әр адамның конституциялық құқығымен тікелей байланысты. Конституциямыздың 1-бабы «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген сөздермен басталады. Сондай-ақ Конституцияның 29-бабы азаматтардың денсаулығын сақтауға, кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы екендігін айшықтайтыны да белгілі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ширек ғасырында халқымыздың денсаулығын, өмір сүру саласын көтеруде бұрын-соңды болмаған жақсылықтарға қол жеткізе алдық. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамашылығымен денсаулық саласының материалдық базасын күшейтіп, оларды жаңа әлемдік дәрежедегі технологиялармен жабдықтауда, білікті мамандарды қолдап, дүние жүзінің ең озық оқу орындары мен клиникаларында білімдерін жетілдіруге шектеусіз қамқорлық

жасалғаны әйгілі. Осы жылдары 1 мың 500-ден астам жаңа аурухана, емхана бой көтерді. Кардиологиялық, нейрохирургиялық, ана мен бала, травматологиялық, тағы басқа салалық ұлттық орталықтар жаңалық болып, олардың жұмысы жолға қойылғанның нәтижесінде мыңдаған адамдардың өмір сүру мүмкіндіктері артты.

Юрий Пя, Серік Ақшолақов, Нұрлан Батпенев сияқты мамандарымызды әлемдік клиникалар ота жасауға, тәжірибе алмасуға шақыратыны да мемлекеттің абыройы. Әрине, озық тәжірибені алдымен өз халқымызға көрсете алуымыз басты мақсат, парыз.

Жаңа кодекс халыққа медициналық қызмет көрсетудің жаңа үлгісі болып, медицина мамандарының қызметін жаңа сатыға көтеруге үміт артады. Кодекс осы талаптарға жол ашып, мүмкіндік туғызатынына сенгім келеді.

Кодекс, оның кейбір баптары Мәжілістің «Nur Otan» фракциясы жиналысында, Нұрлан Зайроллаұлы, өзіңіздің төрағалыңызбен жан-жақты талқыланғанның куәсі болдық. Кез келген кодекс, заң жобаларына мұндай мәртебе беріле бермейтіні де есімізде.

Сонымен бірге қоғамда көп сұрақ туғызып, кереғар пікірлерге себеп болған, сол фракция жиналысында мейлінше талқыланған адам ағзасын ауыстыруға қатысты баптар туралы айтарым, ол шаралар тек қана адам өмірін сақтау, ұзарту, әр адамның құқығын құрметтеу тұрғысынан қаралуы қажет.

Донорлық маңызды. Донорлық ниетті қолдау дұрыс. Бірақ медицина жетістігін бизнеске, күні бұрын адам тәнінің мүшелерін саудаға салып, табыс көзіне, тіпті келе-келе алыпсатарлық, паракорлық, жемқорлық көзіне айналдырудан сақтандыру, болдырмау жолдарын белгілеген жөн.

Келесі маңызды мәселе. Министрлік елді де, медициналық құрылымдар мен мекемелерді де қажет, қажет емес реформалармен сілкілеп дүрліктіре бергенді тоқтатып, таза, адал жауапкершілікті, ең бастысы білікті қызмет етуді ұйымдастыруы міндетті. Қалыптасып, жап-жақсы ел үйренген құрылымдарды жөні жоқ алып-қосқанды реформа деп түсіндірмеген дұрыс. Реформаның мазмұнын, саласын, сапасын, тиімділігін, адамдарға ыңғайлылығы тұрғысынан жүргізу маңызды. Мәселен, қазіргі жедел жәрдем қызметін оңтайлы деп айту қиын, әсіресе өңірлерде облыс орталығынан шалғай аудандар, елді мекендер тұрғындарының қолы жетпей қалды. Оны жедел жәрдемге мұқтаж аурулар екі есе азайды деп түсіндірмек болғандарды түсіну қиын. Сол сияқты Нұр-Сұлтан қаласындағы Кардиохирургия, нейрохирургия сияқты нәтижелі жұмыс істеп тұрған ұлттық орталықтарды медицина университетімен қосу әрекеттері де түсініксіз әрі мүлдем қажетсіз.

Кодекс жобасында ұлттық орталықтар туралы сөз жоқ. Осыны ескеріп, жобаны денсаулық саласында ұлттық ғылыми кардиологиялық немесе нейрохирургиялық орталықтардың статусы туралы арнайы бап кіргізу орынды болар еді.

Кодексті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан медицинасының жетістіктерін тұрақтандырып, медициналық қызметтің сапасын жаңа сатыға көтеріп, дәрігерлер қоғамдастығына деген халық сенімін күшейтіп,

мемлекетіміздің азаматтары дені сау, білімді, білікті, дүниежүзілік бәсекеге қабілетті ұлт боларымызға айрықша еңбек ететін заң қабылдау ортақ мүддеміз деп түсінемін.

Заң жобасын бірінші оқылымда қабылдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қуаныш Сұлтанұлы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 102, «жақтағандар» – 102. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Май Н. Майтығай.*